



"Балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына байланысты баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 сәуір N 472

1. "Балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына байланысты баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына байланысты баланың
құқықтары туралы конвенциялық факультативтік
хаттамасын бекіту туралы

2000 жылғы 6 қыркүйекте Нью-Йорк қаласында қол қойылған Балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына байланысты баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына
байланысты баланың құқықтары туралы
конвенцияның факультативтік хаттамасы

Осы Хаттаманың қатысушы мемлекеттері,

баланың құқықтарын көтермелеу және қорғау ісіне қызмет етуге дайын болу кең ауқымда таралғандығы туралы куәландыратын, Баланың құқықтары туралы конвенцияны жаппай қолдаудан жігер ала отырып,

балалардың құқықтары ерекше қорғауға мұқтаж екендігін тағы да қуаттай отырып және қандай да болсын бөліп-жармастан балалардың жағдайын тұрақты түрде жақсартуды, сондай-ақ олардың бейбітшілік пен қауіпсіздік жағдайында дамуы мен білім алуын қамтамасыз етуге шақыра отырып,

қарулы жанжалдардың балаларға тигізетін қатерлі әрі кең ауқымды ықпалына, сондай-ақ олардың тұрақты бейбітшілік, қауіпсіздік және даму үшін ұзақ мерзімді салдарлары болатынына алаңдаушылық білдіре отырып,

қарулы жанжалдар жағдайында балалардың құқықтарына қол сұғушылықты, сондай-ақ халықаралық құқыққа сәйкес қорғалатын объектілерге, оның ішінде мектеп және аурухана сияқты балалар, әдетте, көп болатын орындарға тікелей шабуыл ж а с а у д ы а й ы п т а й о т ы р ы п ,

Халықаралық қылмыстық сот статутының және ішінара онда 15 жасқа толмаған балаларды әскери қызметке шақыруға немесе жұмылдыруға немесе оларды халықаралық, сондай-ақ халықаралық емес қарулы жанжалдар шеңберіндегі соғыс іс-қимылдарына белсенді түрде пайдалануға байланысты іс-әрекеттерді әскери қылмыс ретінде саралау қабылданғандығын атап өте отырып,

осы арқылы баланың құқықтары туралы конвенцияда танылған құқықтарды неғұрлым тиімді түрде жүзеге асыруға жәрдемдесу мақсатында қарулы жанжалдарға қатысудан балаларды қорғауды күшейту қажет деп есептей отырып,

Баланың құқықтары туралы конвенцияның 1-бабы осы Конвенцияның мақсаттары үшін 18-жасқа толмаған әрбір адамзат баласы, егер осы балаға қатысты қолданылатын заң бойынша ол кәмелеттік жасқа ертерек толмаса, бала болып табылады деп көздейтіндігін атап өте отырып,

адамдардың қарулы күштерге ықтимал шақырылу және олардың соғыс іс-қимылдарына қатысу жасын ұлғайтатын Конвенцияның факультативтік хаттамасы балаларға қатысты барлық іс-әрекеттерде, бірінші кезекте, баланың мүдделерін мейлінше қамтамасыз етуге назар аударылуы тиіс дейтін принципті жүзеге асыруға тиімді түрде ықпал ететін болады деп кәміл сенім білдіріп,

1995 жылы желтоқсан айында болған Қызыл Крестің және Қызыл Жарты Айдың жиырма алтыншы Халықаралық конференциясы жанжалға қатысушы тараптарға 18-жасқа толмаған балалардың соғыс іс-қимылдарына қатыспауын қамтамасыз ету мақсатында кез келген мүмкін болатын қадамдар жасайды деп атап өте отырып,

атап айтқанда, балаларды қарулы жанжалдарда пайдалану үшін оларды мәжбүрлі түрде немесе міндетті түрде тартуға тыйым салатын балалар еңбегінің ең нашар нысандарына тыйым салу және оларды жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы

Халықаралық еңбек ұйымның N 182 конвенциясының 1999 жылғы маусымда бірауыздан қабылдануын құттықтай отырып,
мемлекеттің ішінде және одан тыс жерлерде мемлекеттің қарулы күштерінен өзгеше қарулы топтардың соғыс іс-қимылдарына балаларды тартуын, үйретуін және пайдалануын терең алаңдаушылық сезіммен айыптай отырып және осы мақсатта балаларды тартатын, үйрететін және пайдаланатын адамдардың жауапкершілігін тани
о т ы р ы п ,

қарулы жанжалға қатысушы әрбір Тараптың халықаралық гуманитарлық құқық ережелерін сақтауға қатысты міндеттемесі туралы ескерте отырып,
осы Хаттама 51-бапты қоса алғанда, Ұлттар Ұйымының Жарғысында мазмұндалатын мақсаттар мен принциптерге және гуманитарлық құқықтың тиісті нормаларына нұқсан келтірмейтінін атап көрсете отырып,
жарғыда баяндалған мақсаттар мен принциптерді толық құрметтеуге және адам құқығы саласында қолданылатын шарттарды сақтауға негізделген бейбітшілік пен қауіпсіздік жағдайы, атап айтқанда, қарулы жанжалдар мен шетел басқыншылығы кезінде балаларды толық қорғау үшін міндетті шарт болып табылатындығын назарға
а л а о т ы р ы п ,

балалардың экономикалық немесе әлеуметтік жағдайда немесе жынысына байланысты соғыс іс-қимылдарына тартуға және пайдалануға қатысты балалар осы Хаттамаға қарамастан ерекше қорғансыз болып табылатындықтан балалардың өзгеріс
м ұ қ т а ж д ы қ т а р ы н т а н и о т ы р ы п ,

балалардың қарулы жанжалдарға қатысуының экономикалық, әлеуметтік және саяси себептерін ескеру қажеттілігі туралы еске сала отырып,
осы Хаттаманы жүзеге асыруда, сондай-ақ қарулы жанжалдардың құрбандары болып табылатын балалардың тәні мен жанын сауықтыру, әлеуметтік тұрғыдан оңалту сондай-ақ оларды әлеуметтік ортаға қайта кіріктіру ісінде халықаралық ынтымақтастықты нығайту қажеттілігіне сенім білдіре отырып,
Хаттаманы жүзеге асыруға қатысты ақпаратты және білім беру

бағдарламаларын таратуға қоғамды, ішінара, балаларды және соғыс құрбандары болып табылатын балаларды қатыстыруды көтермелей отырып,
төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Қатысушы мемлекеттер өздерінің қарулы күштерінің 18 жасқа толмаған әскери қызметкерлерінің соғыс іс-қимылдарына тікелей қатыспауын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін болатын шараларды қолданады.

2-бап

Қатысушы мемлекеттер 18 жасқа толмаған адамдарының қарулы күштерге міндетті түрде шақырылуға жатпауын қамтамасыз етеді.

3 - б а п

1. Қатысушы мемлекеттер Баланың құқықтары туралы конвенцияның 38-бабының 3-тармағында мазмұндалған принциптерді ескере отырып және Конвенцияға сәйкес 18 жасқа толмаған адамдардың ерекше қорғалу құқығы болатындығын тани отырып, аталған бапта көрсетілген жаспен салыстырып қарағанда, өздерінің ұлттық қарулы күштеріне ерікті түрде шақырылған адамдардың ең төменгі жасын арттырады.

2. Осы Хаттаманы бекіту немесе оған қосылу кезінде әрбір қатысушы мемлекет міндетті сипаты болатын өтінішті сақтауға тапсырады, онда өзінің ұлттық қарулы күштеріне ерікті түрде шақыруға жол берілетін ең төменгі жас көрсетіледі және де мұндай шақыруда күш қолдану немесе мәжбүрлеу сипатының болмауын қамтамасыз ету үшін мемлекет қабылдаған кепілдіктер мазмұндалады.

3. 18 жасқа толмаған адамдарды өздерінің ұлттық қарулы күштеріне ерікті түрде шақыруға жол беретін қатысушы мемлекеттер ең болмағанда төмендегілерді қамтамасыз ететіндей кепілдіктер береді:

- а) мұндай шақыру шынында да ерікті сипатта болады;
- б) мұндай шақыру аталған адамның ата-анасының немесе заңды қамқоршыларының, саналы түрдегі келісіммен жүргізіледі;
- с) мұндай адамдар осындай әскери қызметті атқаруына байланысты міндеттері туралы толық деңгейде құлақтандырылады;
- д) мұндай адамдар оларды ұлттық әскери қызметке қабылдағанға дейін өздерінің жасы туралы анықталған куәліктерді табыс етеді.

4. Әрбір қатысушы мемлекет кез келген сәтте Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының атына тиісті хабарлама жіберу арқылы өз өтінішінің жағдайын жақсарты алады, БҰҰ бұл туралы барлық қатысушы мемлекеттерді құлақтандырады. Мұндай хабарландыру оны Бас хатшы алған күннен бастап күшіне енеді.

5. Осы баптың 1-тармағында мазмұндалатын жасты арттыру туралы талап Баланың құқықтары туралы конвенцияның 28 және 29-баптарына сәйкес қатысушы мемлекеттердің қарулы күштерінің қарамағында немесе бақылауында болатын оқу орындарына қолданылмайды.

4 - б а п

1. Мемлекеттің қарулы күштерінен өзгеше қарулы топтар қандай жағдайларда болсын 18 жасқа толмаған адамдарды соғыс қимылдарына тартпауға немесе п а й д а л а н б а у ғ а т и і с .

2. Қатысушы мемлекеттер жоғарыда аталған практикаға тыйым салу және оны криминализациялау үшін қажетті құқықтық шараларды қабылдауды қоса алғанда, мұндай тарту мен пайдаланудың, алдын алу мақсатында барлық мүмкін болатын шараларды қ о л д а н а д ы .

3. Аталған Хаттамаға сәйкес осы бапты қолдану қарулы жанжал тараптарының бірде бірінің заңды мәртебесіне ықпал етпейді.

5 - б а п

Осы Хаттамадағы ештеңе де баланың құқықтарын жүзеге асыруға жоғары деңгейде ықпал ететін қатысушы мемлекеттердің заңдарында немесе халықаралық шарттарында және халықаралық гуманитарлық құқықта мазмұндалатын ережелерді жоққа шығару р е т і н д е т ү с і н д і р і л м е й д і .

6 - б а п

1. Әрбір қатысушы мемлекет өз құқығының шеңберінде осы Хаттаманың ережелерін тиімді түрде жүзеге асыруды және қолдануды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті құқықтық, әкімшілік және өзге де шараларды қабылдайды.

2. Қатысушы мемлекеттер ересектер мен балалар арасында осы Хаттаманың принциптері мен ережелерін тиісті құралдармен кең ауқымда таратуды және насихаттауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3. Қатысушы мемлекеттер осы Хаттамаға қарамастан соғыс қимылдарына тартылған немесе пайдаланылып жүрген өздерінің заңды құқықтарына жататын адамдардың әскери қызметтен кері шақырылуын немесе өзгеше жолмен босатылуын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін болатын шараларды қолданады. Қатысушы мемлекеттер қажет болған жағдайда осы адамдардың тәні мен жанын сауықтыруды қолға алу сондай-ақ оларды әлеуметтік ортаға қайта кіріктіру мақсатында оларға барлық тиісті көмекті көрсетеді.

7 - б а п

1. Қатысушы мемлекеттер осы Хаттаманы жүзеге асыру ісінде, оның ішінде Хаттамаға қайшы келетін кез келген қызметтің алдын алу ісінде және техникалық ынтымақтастық пен қаржылық көмек жолымен осы Хаттамаға қайшы келетін

іс-қимылдардың құрбандықтары болған адамдарды сауықтыру және оларды әлеуметтік ортаға қайта кіріктіру ісінде ынтымақтасатын болады. Мұндай көмек пен ынтымақтастық мүдделі қатысушы мемлекеттермен және тиісті халықаралық ұйымдармен консультациялар негізінде жүзеге асырылатын болады.

2. Осындай көмекті жүзеге асыруға мүмкіндігі бар қатысушы мемлекеттер осындай көмекті қазіргі бар көп жақты, екі жақты немесе өзге де бағдарламалар шеңберінде немесе, атап айтқанда, Бас Ассамблеяның ережелеріне сәйкес құрылған ерікті жарналар қорының делдалдығы арқылы жүзеге асырады.

8 - б а п

1. Әрбір қатысушы мемлекет осы қатысушы мемлекет үшін осы Хаттама күшіне енгеннен кейін екі жыл ішінде қатысу мен шақыруға қатысты ережелерді жүзеге асыру мақсатында қабылданған шараларды қоса алғанда, Хаттама ережелерін жүзеге асыру мақсатында өзі қабылдаған шаралар туралы жан жақты ақпараты бар баяндаманы Баланың құқықтары жөніндегі комитетке ұсынады.

2. Жан жақты баяндаманы ұсынғаннан кейін әрбір қатысушы мемлекет Конвенцияның 44-бабына сәйкес Баланың құқықтары жөніндегі комитетке өзі ұсынатын баяндамаларда Хаттаманы жүзеге асыруға қатысты кез келген қосымша ақпаратты да қоса қамтитын болады. Хаттаманың басқа қатысушы мемлекеттері баяндаманы әрбір бес жыл сайын ұсынады.

3. Баланың құқықтары жөніндегі комитет қатысушы мемлекеттерден осы Хаттаманы жүзеге асыруға қатысты қосымша ақпаратты сұрата алады.

9 - б а п

1. Осы Хаттама Конвенцияның қатысушысы болып табылатын немесе оған қол қойған кез келген мемлекеттің қол қоюы үшін ашық.

2. Осы Хаттама бекітілуге жатады және оған кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық. Бекіту грамоталары немесе қосылу туралы құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

3. Конвенцияның және Хаттаманың депозитарийі ретінде іс-қимыл жасай отырып, Бас хатшы 13-бапқа сәйкес әрбір өтініштің сақтауға тапсырылғандығы туралы Конвенцияның барлық қатысушы мемлекеттеріне және Конвенцияға қол қойған барлық мемлекеттерге хабарлайды.

10 - б а п

1. Осы Хаттама оныншы бекіту грамотасын немесе қосылу туралы құжатты

сақтауға тапсырғаннан кейін үш ай өткен соң күшіне енеді.

2. Осы Хаттаманы бекітетін немесе ол күшіне енгеннен кейін оған қосылатын әрбір мемлекет үшін осы Хаттама оның бекіту грамотасы немесе қосылу туралы құжаты сақтауға тапсырылғаннан кейін бір ай өткен соң күшіне енеді.

1 1 - б а п

1. Кез келген қатысушы мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жазбаша хабарлау арқылы кез келген уақытта осы Хаттаманың күшін жоя алады, Бас хатшы сосын бұл туралы Конвенцияның басқа да қатысушы мемлекеттеріне және Конвенцияға қол қойған барлық мемлекеттерге хабарлайды. Бас хатшы хабарламаны алған күннен кейін бір жыл өткен соң күшін жою іс жүзіне асады. Алайда осы жыл аяқталатын күні Хаттаманың күшін жоятын қатысушы мемлекетте қарулы жанжал орын алса, күшін жою осы қарулы жанжал аяқталғанға дейін іс жүзіне аспайды.

2. Мұндай күшін жою күшін жоюдың іс жүзіне асқан күніне дейін болған кез келген іс-әрекетке қатысты қатысушы мемлекетті осы Хаттамада көзделген оның міндеттемелерінен босатпайды. Сол сияқты мұндай күшін жою күшін жоюдың іс жүзіне асқан күніне дейін Комитеттің қарауына келіп түскен кез келген мәселені одан әрі қарауға қандай да болсын кедергі келтірмейді.

1 2 - б а п

1. Кез келген қатысушы мемлекет түзету ұсынып, оны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына ұсына алады. Бас хатшы қатысушы мемлекеттің осындай ұсыныстарын қарау және олар бойынша дауыс беруді өткізу мақсатында қатысушы мемлекеттерден конференция шақыруды жақтайтындығын көрсетуді сұрап, оларға ұсынылған түзетуді жолдайды. Егер осындай хабарландыру күнінен бастап төрт айдың ішінде қатысушы мемлекеттердің ең болмағанда үштен бірі осындай конференцияны жақтаса, Бас хатшы Біріккен Ұлттар Ұйымының демеушілік етуімен осы конференцияны шақырады. Осы конференцияға қатысқан және дауыс беруге атсалысқан қатысушы мемлекеттердің көпшілігі қабылдаған кез келген түзету Бас Ассамблеяға бекітілуге ұсынылады.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданған түзету оны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы бекіткеннен кейін және оны қатысушы мемлекеттердің үштен екісі болатын көпшілігі қабылдағаннан кейін күшіне енеді.

3. Түзету күшіне енген кезде оны қабылдаған қатысушы мемлекеттер үшін міндетті сипаты болады, ал басқа қатысушы мемлекеттер үшін осы Хаттама ережелерінің және олар қабылдаған кез келген бұрынғы түзетулердің міндетті сипаты болады.

1 3 - б а п

1. Ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз мәтіндері

түпнұсқамен бірдей болып табылатын осы Хаттама Біріккен Ұлттар Ұйымының мұрағатында сақталады.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Хаттаманың куәландырылған көшірмелерін Конвенцияға қатысушы барлық мемлекеттерге және Конвенцияға қол қойған барлық мемлекеттерге жолдайды.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.